

МҒТАР 03.20

Әлібек Сейдехан

М. Әуезов атындағы ОҚУ профессоры,

тарих ғылымдарының докторы

(Шымкент, Қазақстан Республикасы)

<https://orcid.org/0009-0003-5638-8788> E-mail: seid-61@mail.ru

САЯСИ РЕПРЕССИЯ ЖЫЛДАРЫНДА ОҢТҮСТІК ӨҢІРІНДЕ ҚҰҒЫНДАЛҒАН АЛАШОРДАШЫЛ АРЫСТАР

Аңдатпа

Мақалада 1936-1938 саяси қуғын-сүргін жылдарында Оңтүстік Қазақстанда саяси репрессияға ұшыраған алашордашыл тұлғалар К.Терлікбаев пен Ә.Берістемовтың талайлы тағдыры мен қоғамдық қызметі, қуғынға ұшырауы Шымкент қаласы Полиция департаментінің мемлекеттік арнайы архиві материалдары негізінде зерделенеді. Осы тұлғалардың ісіне қатысты құпия құжаттарды ғылыми айналымға енгізудің маңыздылығы тарқата талданып, Алаштың Түркістандағы арқасүйер тұлғаларының тағдырын тереңдете зерттеу мәселесі көтеріледі. Зерттеу жұмысында сонымен бірге аталмыш тұлғаларға қатысты Түркістан облысы қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивіндегі жеке текті құжаттары да пайдаланылған. Нақтырақ айтқанда, аталған тұлғаларға қатысты арнайы архив қорынан алынған қылмыстық істердегі тергеу хаттамалары, архивтік анықтамалар, сотталушының арыз-өтініштері, т.б. архив материалдары талдау нысанына айналған. Мақалада аталған қайраткерлермен бірге Алаш қозғалысы Түркістан қанатының белсенді мүшелерінің қоғамдық-саяси қызметі де тығыз бірлікте талданады. Оңтүстік өңірдегі саяси қуғын-сүргіннің аймақтық ерекшеліктері жіктеліп, баға беріледі. Кеңестік биліктің қуғындау саясатының себептері мен салдарларын жеке тұлғалардың тағдыры арқылы талдау арқылы сыни тұжырымдар жасалады. Алаш қозғалы қайраткерлері әскери мәселеге баса назар аударғанымен ол мәселеде ұлттық әскери кадрлардың мүлдем аз болуы түйінді мәселеге айналған. Алаш әскери ісінде санаулы мамандардың бірінен саналатын қайраткерлердің ғылыми тұлғаландырылуы зерттеудің басты нәтижесі.

Түйін сөздер: Кеңестік Қазақстан; архив материалдары; саяси қуғын-сүргін; Оңтүстік өңірі; Алаш арыстары; тұлғалар тағдыры.

Alibek Seidehan

Doctor of historical sciences, professor of the

M. Auezov South Kazakhstan University

(Shymkent, Republic of Kazakhstan)

<https://orcid.org/0009-0003-5638-8788> E-mail: seid-61@mail.ru

PERSECUTION OF PROMINENT FIGURES OF "ALASH-ORDA" IN THE SOUTHERN REGION DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSION

Abstract

This article examines the life trajectories, public activities, and political persecution of the prominent Alash figures **K. Terlikbayev** and **A. Beristemov**, who became victims of the political repressions carried out in Southern Kazakhstan during the period of 1936–1938. The study is based primarily on documentary evidence preserved in the State Special Archive of the Police Department of Shymkent. Particular emphasis is placed on the scholarly significance of introducing previously

classified archival records related to these individuals into academic circulation, while highlighting the necessity of further in-depth research into the fate and historical legacy of the leading representatives of the Alash movement in Turkestan. In addition, the research incorporates personal archival documents housed in the State Archive of the Socio-Political History of the Turkestan Region. Specifically, the study provides a critical analysis of investigation protocols contained in criminal case files, archival certificates, petitions submitted by the accused, and other archival materials obtained from the special archive. These sources are systematically examined to reconstruct the circumstances surrounding the political persecution of the individuals concerned and to assess their historical significance within the broader context of Soviet political repression. More specifically, the investigation protocols in criminal cases, archival references, defendants' statements, etc., taken from the special archive fund regarding the mentioned individuals, have become the object of analysis of archival materials. The article analyzes the socio-political activities of the active members of the Turkestan wing of the Alash movement, along with the mentioned figures, in close unity. The regional features of political repression in the southern region are classified and assessed. Critical conclusions are drawn by analyzing the causes and consequences of the Soviet regime's policy of repression through the fate of individuals. Although the Alash movement's figures paid special attention to the military issue, the absolute lack of national military personnel in this area became a key issue. The main result of the study is the scientific personification of figures who are considered one of the few specialists in the Alash military.

Keywords: Soviet Kazakhstan; Archival Sources; Political Repression; Southern Kazakhstan Region; Representatives of the Alash Orda Movement; The Fate of Historical Figures

Алибек Сейдехан

Доктор исторических наук, профессор

Южно-Казахстанского университета имени М.Ауезова

(Шымкент, Республика Казахстан)

<https://orcid.org/0009-0003-5638-8788> E-mail: seid-61@mail.ru

ПРЕСЛЕДОВАНИЕ ВИДНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ «АЛАШ-ОРДЫ» В ЮЖНОМ РЕГИОНЕ В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ

Аннотация

В статье на основе материалов государственного специального архива управления полиции Шымкента, исследуется судьба и общественная деятельность членов «Алашорды» К. Терликбаева и А. Беристемова, подвергшихся политическим репрессиям в Южном Казахстане в 1936-1938 годах. Подробно анализируется и углубленно изучается судьба сторонников «Алашорды» в Туркестане и внесены в научное обращение содержания секретных документов, касающиеся этих личностей. В исследовании также использовались личные документы из государственного архива общественно-политической истории Туркестанской области. В частности, анализировались и оценивались протоколы следствия по уголовным делам, архивные справки, показания обвиняемых и другие архивные материалы, полученные из специального архивного фонда, касающиеся этих лиц.

Ключевые слова: Советский Казахстан; архивные материалы; политические репрессии; Южный регион; сторонники Алашорды; судьбы личностей В частности, объектом анализа архивных материалов стали протоколы следствия по уголовным делам, архивные справки, показания обвиняемых и другие документы из специального архивного фонда, касающиеся упомянутых лиц. В статье в тесной взаимосвязи анализируется общественно-политическая деятельность активных участников туркестанского крыла движения «Алаш» и упомянутых деятелей. Также классифицируются и оцениваются региональные особенности политических репрессий на юге страны. Важные выводы сделаны на основе анализа причин и последствий репрессивной политики советского режима через призму судеб конкретных людей. Хотя

деятели движения «Алаш» уделяли особое внимание военному вопросу, ключевой проблемой стало полное отсутствие национальных военных кадров в этой сфере. Главным результатом исследования является научная реконструкция личностей тех деятелей, которые считаются одними из немногих специалистов в военной сфере движения «Алаш».

Ключевые слова: Советский Казахстан; архивные материалы; политические репрессии; Южный регион; сторонники Алашорды; судьбы личностей.

Alibek Seidehan

Tarih Bilimleri Doktoru, Profesör
M. Auezov Yükseköğretim Kurumu
(Çimkent, Kazakistan Cumhuriyeti)

<https://orcid.org/0009-0003-5638-8788> E-mail: seid-61@mail.ru

**SIYASI BASKI YILLARINDA GÜNEY BÖLGESİNDE "ALAŞ-ORDA" NIN ÖNDE
GELEN İSİMLERİNE YÖNELİK ZULÜM**

Özet

Makale, Çimkent Polis Departmanı Devlet Özel Arşivi'ndeki belgelere dayanarak, 1936-1938 yıllarındaki siyasi baskı döneminde Güney Kazakistan'da siyasi baskıya maruz kalan Alaş destekçileri K. Terlikbayev ve A. Beristemov'un akıbetini ve kamusal faaliyetlerini incelemektedir. Bu şahısların davalarına ilişkin gizli belgelerin bilimsel literatüre kazandırılmasının önemi ayrıntılı bir şekilde ele alınmakta ve Türkistan'daki Alaş destekçilerinin akıbetinin derinlemesine incelenmesi gerekliliği üzerinde durulmaktadır. Araştırmada ayrıca, söz konusu şahıslarla ilgili olarak Türkistan Bölgesi Sosyal ve Siyasi Tarih Devlet Arşivi'nde bulunan kişisel belgelerden de yararlanılmıştır. Daha spesifik olarak, söz konusu şahıslara ilişkin özel arşiv fonundan alınan ceza davası soruşturma tutanakları, arşiv belgeleri, sanık ifadeleri vb. materyaller, arşiv belgeleri üzerinden yapılan analizlerin konusunu oluşturmaktadır. Makale, söz konusu şahsiyetlerle birlikte Alaş hareketinin Türkistan kanadının aktif üyelerinin sosyo-politik faaliyetlerini bir bütünlük içinde ele alarak analiz etmektedir. Ayrıca, güney bölgesindeki siyasi baskıların bölgesel özellikleri sınıflandırılmakta ve değerlendirilmektedir. Sovyet rejiminin baskı politikasının nedenleri ve sonuçları, bireylerin yaşadıkları üzerinden analiz edilerek önemli çıkarımlar yapılmaktadır. Alaş hareketi mensupları askeri meselelere özel bir önem vermiş olsalar da, bu alanda ulusal askeri personelin hiç bulunmaması temel bir sorun teşkil etmiştir. Çalışmanın başlıca sonucu, Alaş ordusunun az sayıdaki uzmanı arasında kabul edilen şahsiyetlerin bilimsel bir bakış açısıyla ele alınıp kimliklerinin ortaya konulmasıdır.

Anahtar Kelimeler: Sovyet Kazakistanı; arşiv belgeleri; siyasi baskı; Güney bölgesi; Alaş Aslanları; bireylerin akıbeti.

Кіріспе.

Түркістандағы Алаш қозғалысы, Алаш қайраткерлерімен етене байланыста болған Оңтүстіктің орны бөлек тұлғаларының талайлы тағдыры – тың да түйткілді тақырыптардың бірі. Қалай дегенде де, Түркістан өлкесіндегі Алаш қозғалысын қолдаушы арыстардың тарихи өмірбаяны тереңдікте зерттеуді қажет ететіні анық. Бүгінгі күнге дейін Алаш партиясына мүше және мүдделес болған 300-ден астам тұлғалардың есімдері анықталып, тиісінше түрлі зерттеулерге арқау болып отырғаны белгілі. Бұл тарапта Алаштың тұғырлы тұлғаларының басын қосқан жалпықазақ және Сырдария облысы қазақтарының съездеріне Оңтүстік өңірінен М. Байзақов, С. Өтегенов, С. Алдабергенов сынды бірді-екілі тұлғалардың мүше ретінде қатысқанын білеміз.

Аталған Алаш азаматтарының ішінде бұрын-соңды зерделене қоймаған, Оңтүстік өңірінде Алаш идеясын насихаттап, ұлт ертеңі үшін қызмет еткен тарихи тұлғалардың бірі Серікқұл Алдабергенов болатын. Тарих ғылымдарының докторы, белгілі ғалым Х. Тұрсұн

мен А. Қабылдың зерттеулеріне сүйенсек, С. Алдабергенев уездік атқару комитетіндегі қызметінен босатылған кезеңде, Шиеліде Уақытша үкіметтің комиссары болып еңбек еткен Б. Аралбаевтың шақыртуымен Сырдария облысы қазақтарының атынан Орынбордағы Алаш Орда съезіне делегат ретінде ұсынылып, Түркістан уезінің өзге де өкілдері Имамберді Ержігітов және Мәуленқұл Байзақовпен бірге Орынборға барады. Осы тарихи сапарында ол Сырдария облысынан барған Мұстафа Шоқаймен кездескен екен.

Кейіннен делегаттардың өтініші бойынша Сырдария облысының Алаш Ордаға қосылу мәселесін шешу мақсатында Түркістан қаласында арнайы қазақ съезі шақырылғанымен, С. Алдабергенев сүзек ауруымен сырқаттануына байланысты бұл жиынға бара алмайды. Сонымен қатар Х. Тұрсұн «Серікұл Алдабергеневтің Алаштық идеядан басталып, ауа көшумен аяқталған қызметінің архивтік деректері» атты осы елеулі еңбегінде 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынбор қаласында өткен Жалпы қазақ-қырғыз съезіне Сырдария облысынан С. Алдабергеневтің те қатысып, Алаш автономиясын жариялау туралы мәселеге дауыс беру кезінде делегаттар пікірі екіге жарылғанда оның «Алаш автономиясы күні бүгін ресми түрде жариялансын» деген ұстанымды қолдап, табандылық танытқанын архив құжаттарына сүйеніп, тарқата талдап жазады [1, 393-394].

Бұл тұлғалардың талайлы тағдыры азды-көпті ғылыми еңбектерге өзек болғаны да көпке аян. Десек те, Алашорда санатында болса да атаусыз қалған, сол себептен саяси сүргінге ұшыраған, бұрын-соңды өмір жолы мен қайраткерлік қызметі мүлдем зерттелінбеген атпал азаматтар әлі де аз емес. Солардың санатына 1900 жылы Батыс Қазақстан облысының Лбищенск ауданының Дуана ауылында дүниеге келген Алашорда офицері Керей Терлікбаевты да қосуға болады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында деректік негізі ретінде аталмыш тұлғаларға қатысты құпия тергеу құжаттары, өңірлік архивтегі жеке текті құжаттар кеңінен пайдаланылды. Саяси репрессия жылдарында Оңтүстік өңірінде қуғындалған Алаш арыстары турасындағы тың деректер арқылы зерттеу барысында саралау, талдау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Талқылау мен нәтижелер.

Жалпы Керей Терлікбаев 1900 жылы 3 мамырда Орал облысы, Жымпиты уезі, Дауын болысының №2 ауылында дүниеге келген. Терлікбаев Тұрыш атты жалданбалы кедей батрырақтың ұлы. Әкесі қайтыс болғанға дейін үнемі қара жұмыспен күн көріп, ауқатты қазақтарға маусымдық жұмыстарға жалданып жан бағыпты. Кәмелеттік жасқа жеткенше кісі есігінде жүріп отбасын асырауға септесіп, жоғарыда айтылған Дауын болысында тіршілік етеді.

7 жасқа дейін ата-анасының тәрбиесінде болған К. Терлікбаев сол тұста мұсылман мектебіне 1 жыл ескіше діни білім алады да, 8 жасында Халық ағарту министрлігінің қарамағындағы «Қарасу-Шалқар» ауылдық орыс-түзем мектебіне қазына есебінен тегін қабылданады. Бұл білім ордасында тура 6 жыл оқып, мектепті үздік бітіргеннен кейін, 1915 жылы Оралдағы қазақ ерлер гимназиясының 2-класына емтихан тапсырып түседі. Онда 1917 жылға дейін білім алып, 1917 жылы ақпан төңкерісі кезіндегі алмағайып кезеңде оқудан уақытша қол үзіп, қырдағы ауылына қайтып кетеді.

Зерделі жас К. Терлікбаев өміріндегі түбегейлі бетбұрыс 1917 жылдың мамыр айының орта шенінде басталып, оны аймақтағы Алаш-Орда үкіметі «интеллигенттік күш» ретінде мобилизациялап әскерге шақырады да, алдымен Ойылдағы Алаш-Орда үкіметінің әскери училищесіне оқуға жібереді. Офицер шенін алады.

Қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласқан Алаш арысы мұнан кейінгі өмірі мен қызметін 1925 жылы Алматы қаласында өз қолымен толтырған өмірбаянындабылайша баяндайды:

«... Содан 1-ші Алаш территориялық полкінің взвод командирі болып тағайындалдым да, бұл полкте 1918 жылға дейін қызмет еттім. 1919 жылдың басында, қызыл әскерлер Орал қаласын алған кезде, мен үйіме қашып кеттім.

Ауылдан Қызыл Армия қатарына өз еркіммен өтіп, 9-ші Орталық армияның 21-ші дивизиясы, 1-ші атты бригадасының 1-ші Кавполкіне эскадронының комвзводы болып тағайындалдым. Біраз уақыттан кейін эскадрон командирі шеніне жоғарылап, ең соңында Кавказ дивизионының командирі болдым. Осы бөліммен бірге Деникин бандаларына қарсы Батыс майданға жіберіліп, онда 1920 жылдың 14 сәуіріне дейін қызмет еттім.

1920 жылы жарақатыма және ауруыма байланысты екі айлық демалыс алып, Орынборға келдім. Орынборда жүрген сол жылдарда, нақтырақ айтсам, 1920 жылы 27 қыркүйекте партия (РКП(б)) қатарына қабылдандым да, бұл қалада 1921 жылдың қаңтарына дейін жұмыс істедім. Қаңтар айында 15 күндік демалыс алып, Түркістан Республикасына аттандым. Түркістанға келгеннен кейін ТүркОАК (Түркістан Орталық Атқару Комитеті), Орталық Комитет және Түркфронттың өтініші бойынша Түркістан әскерлеріне қалдырылып, Түркфронт штабы жанындағы резервтің комэскадроны болып осында тұрақтап қалдым.

1921 жылдың сәуір айында Түркфронт басшылығы тарапынан Жетісу әскери комиссариатының қарамағына жіберіліп, 58-ші Түркістан қазақ атты әскер полкінің командирі болып Алматыда қызмет еттім»[2,18-19]. Осы жазбалардың өзі-ақ руы табын, Батыс Қазақстан өңірінің тумасы К. Терлікбаевтың Алаш әскерінің офицері болған, 1-ші Алаш территориялық полкінің взвод командирі, атты әскер эскадронын басқарған тарихи тұлға екенінағайтай түседі. Шынында да Алаш атты әскерін басқарғандар мен эскадрон құрамында болған сарбаздар туралы мұрағаттық мәліметтер отандық архивтерде тым аз. Мұндай маңызды архивтік құжаттардың дені Ресей архивтерінде сақталған. Мысалы Ресей мемлекеттік әскери архивінен алынған мына бір құжатта Алаш далалық атты әскер полкі жігіттерінің есімдік тізімі келесідей ретпен беріліпті:

1-ші эскадрон

1. Кеукин Жүдібай
2. Шелдібаев Оралбек
3. Битокин Ғали
4. Найманбаев Әбілмәжін
5. Тынымов Омышқан
6. Ыбыраев Дініслам
7. Сыбамбаев Исабек

2-ші эскадрон

8. Бижанов Маралбай
9. Сарымсақов Садық
10. Садықов Ахмет
11. Бердебаев Ыбрай
12. Набиев Дүйсеке
13. Бердібеков Жұмардин

3-ші эскадрон

14. Елембаев Омарбек
15. Кангүлинов Ахметжан
16. Игембаев Қабдулла
17. Балтабаев Жексембай
18. Шақсалыков Кенже
19. Құттыбаев Қапамбай

4-ші эскадрон

20. Алпыспаев Сақитан
21. Әміров Қасымбек
22. Дүтпаев Мұхтар
23. Оразбаев Қасан
24. Асылбеков Шойымбай
25. Қолдыбаев Шотпай

26. Касымбеков Кенжеғали [3,123]. Олай болса, И. Терлікбаев басқарған Алаш эскадроны жайлы маңызы бөлек архивтік мәліметтер де таяу болашақта тиісінше талданып, ұлт тарихының белгісіз тұстары ғылыми айналымға түсуі тиіс.

Ал 1921 жылдың тамыз айында ол Ферғанаға басмашыларға қарсы майданға жіберіліп, ол жерде 1922 жылдың қаңтар айына дейін қызмет етеді. 1922 жылдың қаңтарында әскер қатарынан босатылып, Сырдария облыстық әскери комиссариатының қарамағына өтіп, есепке тұру үшін Ташкентке келеді. Сонан соң Еңбек халық комиссариаты жолдамасымен Наркомземге іс жүргізуші лауазымына бекітілгенімен, шамамен бір айдан кейін Турцик және Наркомзем президиумымен жер реформасын жүргізу үшін Жетісуға іссапарға аттанады. Пішпекке келгеннен кейін мені Жетісу облыстық жер бөлімі (Облзу) жанындағы өз бетімен қоныстанушылардың қоныстарын көшіру жөніндегі «үштікке» (тройка) төраға етіп тағайындалады.

1923 жылы наурыз айында Пішпек уезі РКП(б) уездік комитетінде жұмыс жүргізіп, сәуір айынан маусым айына дейін жер реформасы бойынша жұмыс жүргізеді. Ал жер реформасы аяқталғаннан кейін біршама уақыт «Қосшы» одағында, кейіннен бір жылдай үзіліспен уездік милицияның бастығы қызметінде болады. Осы жылдарда Жетісу облыстық комитеті оны саяси сауаты төмен, маркстік білімі жоқ болса да, газет-журналдарды үзбей оқитын, бұрын-соңды сот пен тергеуде болмаған саналы азамат ретінде сан мәрте оң мінездеме береді.

Бұл тарапта К. Терлікбаевқа тағылылған айыптардың негізсіз екендігін арнайы архив құжаттарын жіті қарай отырып көз жеткізуге болады. Айталық, Түлкібас аудандық НКВД қызметкері Шестериковтің атына жазған түсініктеме хатында куәгер, аудандық комитет хатшысы Коломейцев ақиқаттан гөрі жаласы басым жазбасында:

«...1935 жылдың қараша айының соңында маған Терлікбаев есімді азамат келіп, оңаша сөйлесуді талап етті. Сол сәтте менің жұмыс кабинетімде менімен бірге отыратын Яловой, Ткаченко және Әмірбаев болған еді. Олар кейін қызмет барысына байланысты көрші бөлмеге ауысты. Анығы сол, сол сәтте Терлікбаев өзін агрессивті түрде ұстап, балағат сөздер айта отырып: «Сен аудандық комитеттің хатшысы болғандықтан, болашағы жоқ большевиктік биліктің бір тізгіні қолында тұрғандықтан мені дәл қазір НКВД органдарына тапсырып, тұтқындату сенің қолында тұрғаны анық. Сендер белсенділерді жаппай партиядан шығарып жатырсыңдар, зияны жоқ зиялының, маңызды маманның бәрін «жау» қатарына қосып, алдағы уақытта кіммен жұмыс істемексіңдер? Сен менің түбіме жеттің, енді мен де сені құртамын. Егер мен тірі қалмасам, сен де өмір сүрмейсің, Терлікбаевтың кім екенін әлі көресің!» [4, 1], - деп кешегі Түкістандағы Алаш қозғалысының белді мүшесін коммунистік қоғамға жат элемент ретінде көрсетуге барын салып, кінәсіз айыптайды. Расымен де 1936 жылғы 26 қаңтарда Ванновка ауылында (қазіргі Түркістан облысы, Тұрар Рысқұлов ауданының орталығы, Тұрар Рысқұлов ауылы) НКВД-ның аудандық бөлімінің тарапынан басталған бұл қудалау XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы Оңтүстік өңіріндегі саяси репрессияның жазалау-қуғындау шараларына ең алдымен Алаш арыстарының алдымен іліккенін айғақтай түседі.

Яғни осы жаладан соң жазықсыз жазалы болған К. Терлікбаев НКВД аудандық бөлімі бастығының өкіміне сәйкес, тергеуге конвоймен жеткізіледі. Бұл тұста да күмән тудыратын құжат көп. Мысалы, арнайы орган мәліметтеріне ден қойсақ, айдауылмен абақтыға жабылмай тұрып оны НКВД-ға сан мәрте шақыртса да, күннің жауын-шашынды, жердің лайсаң екенін алға тартқан Терлікбаев көшеде пимамен жүре алмайтынын жеткізіп, белгілінген мерзімде тергеуге қатысудан тайсақтапты. Акт құрастырушының жазуынша, К. Терлікбаевқа екінші мәрте тергеуге бару туралы талап қойылған кезде де ол өз алдыңғы уәжін қайталап, келуден үзілді-кесілді бас тартқан және осы барыста балағат сөздер айтқан. Аталған құқық бұзушылық пен бағынбаушылық фактісі НКВД аудандық бөлімінің баяндалып, ресми актіге тіркелген. Біздіңше, бұл актіде ақиқаттан алшақтық басым. Жаппай жазалауды жоспарлы түрде жүзеге асырған НКВД органының тергеуге екі рет келмеген

күдіктіге, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-10 бабы (контрреволюциялық үгіт-насихат және үгіттеу) және 169-бабының 2-бөлігі (алаяқтық) бойынша айыпталған азаматқа бір-екі ай көлемінде еш шара қолданбай, қол қусырып отырғаны таң қалдырады. Демек, мұны маңызы жоқ мұрағат құжаттарының қатарына қоса отырып, қолдан жасалған қосымша айыптың дәлелсіз екенін, жасанды істегі актінің Алаш қайраткерін тұтқындау үшін ғана түзілгенін баса айтуға тиіспіз. Солай бола тұра Терлікбаев ісіндеі бұра тартудың ақ-қарасы ажыратылмай, бұйрыққа сәйкес тұтқынды НКВД-ның тергеу түрмесінен Алматы абақтысына ауыстыру, содан кейін алғашқы этаппен Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының (УНКВД) қарамағына жөнелтуге шешім етілген [5, 4]. Яғни, Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының бастығы Михеевтің қолы қойылған осынау құжат Терлікбаев тағдырының қақпақылға түсіп, сталиндік жазалау машинасының «Алаш ісін» Оңтүстікте қатаң қолға алып, кезінде кешірім етілген қайраткерлерді қуғындау үдерісінің «үлкен террор» басталмай тұрып-ақ белең алғандығын анық байқатады.

Анығы сол, осы өмірбаян жазылғаннан 10 жыл өткен соң, нақтырағы 1936 жылы Терлікбаев өмірінде тағы да сын-сынақтар басталып, партиялық құжаттарды тексеру барысында 1925 жылдан бастап БК(б)П мүшелігінде болған Түлкібас МТС-інің бұрынғы директоры Керей Терлікбаев партиядан шығарылады. НКВД органдарының індете зерттеуінше бұрын да партия қатарынан бір мәрте аластатылған саяси сенімсіз тұлға, «халық жауы» Терлікбаев сол жылдарда билікті адастырып, алдау жолымен партия қатарындағы мүшелігін қалпына келтіруге қол жеткізген екен. Былайша айтқанда, 1920 жылы К. Терлікбаев Орынбор Төтенше комиссиясымен (ЧК) ақгвардияшы ретінде тұтқындалып, кейін одан қашып шығып, Ташкентке келген соң соған қарамастан, 1926 жылы Алматы қаласында партия қатарына қайтадан өткен.

Ең басты айыптың біріне келсек, К. Терлікбаев 1918 жылдан 1920 жылға дейін Алашорда әскерінде екі жыл қызмет еткенін, Лбищенск және басқа да елді мекендердің түбінде Қызыл Армия бөлімшелеріне қарсы ұрыстарға белсенді түрде қатысқанын жасырып қалыпты [6, 2].

Жалпы офицерлік мектепті бітіріп, хорунжий шенін алған, 1919 жылдың мамыр айында Алашорда үкіметінің мүшесі Қожаровпен бірге оқ-дәрі алу мақсатында Орынбор қаласына, генерал Дутовқа іссапармен жіберілген, осы операцияны сәтті жүзеге асырғаны үшін марапатталып, сенімді әрі берілген офицер ретінде Алашорда үкіметі мүшелерінің арнайы күзетіне бекітілген азаматты қуғындау ісіндегі құжаттар екі томды құрайды.

1934 жылдан бастап Түлкібас МТС-інің директоры қызметін атқару барысында жүйелі түрде ішімдікке салынғаны, сондай-ақ мекеме есебінен 6 756 рубль көлемінде қаржы ысырап еткені, 1935 жылы бұрынғы алашордашы Кетегеновпен контрреволюциялық сипаттағы келіссөздер жүргізгені анықталады.

Негізінен Алашордаға қатыстылығы үшін саяси сүргінге ілінген тұлғаға Түлкібастағы МТС-ті басқарған жылдарындағы табыстарын сырып қойып, қызметіне қатысты дәлелсіз айыптарды қылмыстық істің бірінші томында егжей-тегжейлі жазыпты. Тарқатып айтар болсақ, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен мемлекеттік мүлікті басқару барысында орын алған келеңсіздіктер мен салғырттық фактілері анықталып, Терлікбаевтың «теріс әрекеттері» республикалық және аймақтық кеңестік баспасөзде де жарық көріпті. Яғни істің қозғалуына 1935 жылғы 9 желтоқсанда «Казахстанская правда» газетінде жарық көрген «Комбайнды қар басты» атты сыни мақала негіз болған. Ол жалалы материалда Түлкібас машина-трактор станциясында (МТС) комбайндар мен барлық дерлік ауыл шаруашылығы құрал-саймандары ашық аспан астында, қар астында қалдырылғаны, комбайндарға арналған бастырманың құрылысы 1934 жылы басталғанымен, барлық мүмкіндіктердің болуына қарамастан, Түлкібас МТС-інің бұрынғы директоры Терлікбаевтың салғырттығынан шатыры жабылмай, аяқсыз қалғаны, 1935 жылы басталған жатақхана құрылысына 30 000 рубль көлемінде қаражат жұмсалғанына қарамастан, нысан аяқталмағаны, құрылыс жұмыстары

жоспардан тыс тәртіппен жүргізіліп, мемлекеттік бюджеттен тыс, МТС-тің ішкі ресурстары есебінен қаржыландырылғаны, қорыта айтқанда, бұл қаражатты директор Терлікбаев өз бетінше жұмсағандығы аталмыш басылмадағы сыни мақалаға өзек болыпты. Анықталған заң бұзушылықтар мен материалдық шығындар негізінде учаскелік инспектор МТС директоры Терлікбаевқа қатысты жинақталған 7 парақтан тұратын айыптау материалдарын іс жүргізуге қосу үшін Түлкібас аудандық НКВД бастығына жолдайды [7, 11]. Бұл дерек XX ғасырдың 30-жылдарындағы Кеңестік Қазақстандағы шаруашылық басқару жүйесіндегі әкімшілік-әміршілдік бақылаудың кез келген табысты жұмыс жүргізген қызметкерді тығырыққа тіреп, жалған куәгерлер арқылы жауапқа тартудың оңай жолын тапқандығын толық түйсіндіріп береді.

Одан тыс сол жылдарда Түлкібас машина-трактор станциясында (МТС) орын алған лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, мемлекеттік және колхоз қаражатын жымқыру, сондай-ақ ұлттық белгілері бойынша кадр саясатын бұрмалау фактілері бойынша да лауазымды тұлға К. Терлікбаев айыпты деп табылып, оны МТС аппаратына қазақ ұлтының өкілдерін жұмысқа қабылдаудан бас тартып, олардың біліктілігінің жоқтығын алға тартқаны айтылады. Біздіңше, жалындаған жастық шағын Алаш мұратына арнаған азаматтың тергеу хаттамасында жазылғандай, «маған жергілікті ұлтшылдықты айып ретінде тақпас үшін қазақтарды жұмысқа алмаймын» деген уәжі қисынға келмейді. Сол себептен де оның қаржылық жымқырулар және махинацияларды жүзеге асырып, «Голощекин» атындағы колхозда тракторшылардың еңбегіне ақы төлеу үшін чек бойынша алынған 1000 сом қаражатты иемденуі, «Шұқырбұлақ» колхозының есепшісі Нығматуллиннен МТС-пен есептесу үшін қолма-қол қабылдап, кассаға өткізбеген 250 сом ақшаны жеке басына пайдалануы, «Шұқырбұлақ» колхозынан қарызды өтеу есебінен алынған 175 сомды құрайтын ет өнімдерін заңсыз иемденуі, т.б. сипаттағы жалалар сенімсіздік тудырады. Демек, тергеу материалдарына сәйкес, 1917 жылы «контрреволюциялық Алашорда партиясының қатарына өтті» деген айып тағылған, оны куәгерлер Сәрсен Әуезов пен Әлмұхамед Есалиндер растаған тұлғаның өз биігінен төмендеп, ішімдікке салынуы, жұбайын ұрып-соғуы, тұлғаға лайықсыз мінез-құлық көрсетуі тіпті иландырмайды. Ең сорақысы, оның 1925 жылдан бастап маскүнемдікке салынғаны, жұмыс орнында жиі жанжал шығарғаны, ақша иемденгені және осы әрекеттері үшін түзеу жұмыстарына тартылып, төрт рет қатаң сөгіс алғанын былай қоғанда, Терлікбаев тергеушілердің дәлелдеуінше, 1934 жылдан бастап директор қызметін атқару барысында кеңестік идеология тұрғысынан «жат элементтермен» байланысып, атап айтқанда, «Азаттық» колхозында жүрген кезінде молда Нигматуллиннің үйінде молдамен бірге арақ ішіпті [8, 262].

Байыптап қарасаңыз, қатардағы партия қызметкерінің молдамен бірге ішімдікке салынуын сипаттау арқылы тергеушілер халықты «азғындаған» дін өкілдерінен аулақ болуға үгіттеп, сол арқылы істі паниисламизммен байланыстырып, қылмысты қоюлатуға қанша тырысқанымен, мұнан ары қарай дәлелді айғақтардың аздығынан бұл мәселені келте қайырады.

Қорыта айтқанда, К. Терлікбаевтің тергеудегі:

«...Мен 1934-1935 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас аудандық Машина-трактор станциясының (МТС) директоры қызметін үздіксіз атқардым. Менің басқаруыммен өткен екі жылдық кезеңде өндірістік бағдарламалар мен ауыл шаруашылығы нақандарында ешқандай іркілістер болған жоқ. Тракторларды қысқы күрделі жөндеуден өткізу жоспары мерзімінен бұрын орындалды.

Осы шаруашылық табыстарым үшін мен Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің және Атқару комитетінің Құрмет грамоталарымен, сондай-ақ Жер шаруашылығы халық комиссариатының сыйлықтарымен марапатталдым. Мен басқарған уақытта ауданның материалдық-шаруашылық жағдайы өте ауыр деңгейден жоғары көтеріліп, МТС жұмысы ұйымдастырушылық тұрғыдан нығайтылды.

Аудандағы колхоздар ауқатты шаруашылықтарға айнала бастады. Менің тұсымда мұнай қоймасы, 100 адамдық электр станциясы және ауыл шаруашылығы құралдарына арналған қалқа-бастырмалар салынды. Мен бұл шаруашылықты 1934 жылы қабылдаған кезде бірнеше тұрғын үйден басқа ештеңе болмаған еді, оның үстіне аудандық ұйымдармен арада 600 мың рубль көлемінде дебиторлық және кредиторлық берешектер бар болатын. Менің кезімде ұжымшарлар мемлекеттік міндеттемелерді толық орындап, мүшелері еңбеккүнге 20 кг-ға дейінгі өнім алды.

Алайда, өндірістік маусым аяқталған соң, маған қарсы негізсіз тексерулер жиілеп, партколлегия шешімімен мені БКП(б) қатарынан шығарды. Мен ең алдымен партия мен мемлекет алдында, сондай-ақ кулактармен таптық күресте өз міндетімді адал атқарған шаруашылық басшысы болдым. Менен бұрынғы жетекшілердің (Колесниченко, Котович) жіберген кемшіліктері үшін мен жауапты емеспін...

Сондай-ақ менің «ірі байдың ұлы» болғаным туралы тұжырымдар шындыққа жанаспайды. Мен Лбищенск ауданынан шыққан кедей-батырақтың ұлымын. Менің туған бауырым қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысының ұжымшарында екпінді қызметкер болып табылады және бұл фактіні КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы өкіл Исаев растай алады. Әкем өмір бойы байларға жалданып жұмыс істеген, егін жинау және пішен шабу науқандарында маусымдық батырақ болған.

Тағы да қайталап айтамын, мен Алашорда құрамында болған кезеңімді ешқашан жасырған емеспін. Рас, азаматсоғысы жылдарында Орынбор Төтенше комиссиясының (ЧК) қызметкерлерін ұстауға қатысқаным бар. Бірақ тергеушілер бұра тартқандай, Түлкібас МТС-ында (Машина-трактор станциясы) жұмыс істеген кезімде мен маскүнемдіккесалынған жоқпын, дебош жасаған емеспін, ешқандай заңсыздықтар мен ысырапшылыққа жол бермедім. Мұның бәрі шикі өтірік. Қазірдің өзінде тергеуде отырған кезімде сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша менің ісім қаралуда.

Колхоздарда ешқандай ақша алған жоқпын. «1 мамыр» колхозында 1000 рубль алғаным туралы айтылса, ол ақшаны бухгалтерге бергенмін. Алайда, бар айыбым, оған чекті өткізгенім туралы қолхат алған жоқпын» [9, 15], - деген жанайқайы жауапсыз қалып, Түркістандағы Алаш қозғалысының айтулы мүшесі кінәсіз жауапқа тартылып кете барады.

Тек еліміз егемендік алған соң, 1990 жылы 14 шілдеде Шымкент облыстық прокуроры, 3-дәрежелі мемлекеттік заң кеңесшісі. В. Шведов тарапынан бекітілген қаулыда Шымкент облыстық прокурорының мемлекет қауіпсіздігі комитетіндегі тергеу істерін бақылау жөніндегі аға көмекшісі Мылтықбаев Терлікбаевтың үстінен РСФСР қылмыс кодексының 58-10, 169 статьясының II-тармағымен айыпталған істі қарап, тағылған айып дәлелденбегендіктен, Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы басқармасының 1935 жылғы тамыздың 9-дағы қаулысын бұзып, Терлікбаев Керейдің ісін оның әрекетінде қылмыс белгісі болмағандықтан қысқартуға жібереді. Сондықтан да Керей Терлікбаев тартқан тауқымет арнайы архив материалдары негізінде терең зерделеніп, Оңтүстік өңіріндегі өзге де Алашордашылардың тағдырын шетелдік архив қорлары материалдары, отандық архивтердегі құпия құжаттарын қолжетімді ету арқылы тиісінше жан-жақты іргелі зерттеуге айналдыру бұл тақырыптағы түйткілдері шешуге септесіп қана қоймайды, Алаш арыстарын толық тануға да зор мүмкіндік тудырады.

Ал Алаш қозғалысына қатысып, Алашорданың Оңтүстік бөлімінде елге қызмет еткен елеулі тұлғаның бірі Әлмахан Берістемов болатын. 1906 жылы туған, ұлты қазақ, 1932 жылдан БК(б)П мүшелігіне кандидат Ә. Берістемов тұтқындалғанға дейін «Шәуілдірқұрылыс» мекемесінде жұмысшы, нақтырақ айтқанда, Шәуілдір аудандық тұтынушылар қоғамы қоймасының меңгерушісі болып жұмыс істеген.

1937 жылғы 16 тамыздағы Шәуілдір аудандық партия комитеті №12 бюро мәжілісінің хаттамасымен «халық жауы» ретінде партия қатарынан шығарылған. 1937 жылғы 19 қазанда Ішкі Істер Халық комиссариаты Шәуілдір аудандық бөлімінің органдарымен тұтқындалған ол 1937 жылғы 19 қарашадағы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі Істер Халық

комиссариаты басқармасы үштігінің шешімімен контрреволюциялық бүлікшіл ұйымның мүшесі ретінде РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабы бойынша ату жазасына кесіледі [10, 5].

1957 жылғы 17 шілдедегі Оңтүстік Қазақстан облыстық соты Президиумының қаулысымен Ә.Берістемовке қатысты істегі оның әрекетінде қылмыс құрамының болмауына байланысты сот үкімінің күші жойылады да, Алаштың Оңтүстіктегі мүшесі толық ақталады.

Ал оларға қатысты ашылған қылмыстық іске келсек, 1937 жылғы 29 қыркүйекте Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облыстық басқармасы ІІ бөлімінің жедел уәкілі, мемлекеттік қауіпсіздік сержанты Серікбаев айыпталушыларға қатысты тергеу материалдарын қарастырып, Б. Бейсембаев, Ә. Қуанышбаев, Р. Жабаев, Т. Сәтімұ, Ә. Берістемов 1937 жылдың 7 тамызында тобымен тұтқындалған. Жоғарыда аталған тұлғалар РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 7, 10 және 11-тармақтарында қарастырылған қылмыстарды жасады деп айыпталып, тергеу барысында контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға қатысы барлығы анықталыпты. Осыған байланысты, Шәуілдір ауданындағы №24 ауылдың тумасы, шаруа отбасынан шыққан, қызметкер, сауатты Ә. Берістемовті «контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымның мүшесі болды, аталған ұйымның тапсырмасы бойынша кооперация жүйесінде зиянкестік әрекеттер жүргізді, сондай-ақ контрреволюциялық мақсатта мемлекет мүлкі мен қаржысын жеке өзі ысырапшылық жасады» [11, 207] деп айыптаған.

Осылайша Шәуілдір аудандық тұтынушылар қоғамының (РайПО) қойма меңгерушісі қызметін атқарған Алашшыл азамат өзі істеген мекемеде тауарлар мен кооперативтік қаражатты жымқыру мен ысырап етуге белсенді түрде қатысқаны, Кеңес өкіметіне қарсы халықтың наразылығын тудыру мақсатында, жалпы сомасы 62501 рубльді құрайтын қаражатты жеке басының мүддесіне жұмсағаны, сонымен қатар, тауарларды негізсіз жоғары бағамен сатып, халықты 15000 рубль көлемінде шығынға батырғаны, ең бастысы ұлтшылдық ұйымға жаңа мүшелер тартып, 50 бай шаруашылығын салық салудан және ет өткізу міндеттемесінен босатқаны үшін үштіктің үкімімен ату жазасына кесіліп, жеке мүлкі тәркіленеді [12, 214].

Бұл тарапта онымен бірге сотты болған Б. Бейсенбаев та 1937 жылғы 26 қазанда тергеушімен болған сұрақ-жауапта мынадай куәгерлік етеді:

«Сұрақ: Сіз контрреволюциялық буржуазиялық-ұлтшылдық ұйымға мүше болдыңыз деп айыпталып отырсыз. Өзіңізді кінәлі деп танысыз ба?

Жауап: Иә, мен 1936 жылдың қазан айынан бастап тұтқындалған күніме дейін Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір ауданында әрекет еткен контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшесі болғанымды және осы ұйымның нұсқау-тапсырмаларын іске асырғанымды мойындап, өзімді кінәлі деп танымын.

Сұрақ: Сізді бұл контрреволюциялық ұйымға кім, қашан және қандай жағдайда тартты?

Жауап: Бұл контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымға мені 1936 жылдың қазан айында Шәуілдірде Жалилов, Елеукенов пен Әбдікәрімұтер тартты.

Сұрақ: Аталған контрреволюциялық ұйымнан сіз қандай нұсқаулар алдыңыз және бұл тапсырмаларды қалай орындадыңыз?

Жауап: Аталған контрреволюциялық ұйымнан мен кооперация жүйесінде контрреволюциялық-зиянкестік жұмыстарды жүргізу туралы тапсырма алдым. Біздің зиянкестер тобы кооперацияны күйрету және колхозшылар бұқарасының Кеңес өкіметіне деген наразылығын тудыру мақсатында колхозшыларға сатылатын тауарлардың бағасын қолдан өсіру жұмыстарын жүргізді. Осындай жолмен колхозшы-тұтынушыларды 13 000 сом шығынға ұшыратты. Бірінші кезекте дефицит тауарларды біздің контрреволюциялық ұйымның мүшелеріне заңсызбөлуді жүзеге асырдық. Бүкіл жұмыс кезеңіндегі жалпы тауар айналымынан Райпотребсоюзға 25 000 рубль көлемінде зиян келтірілді, бұл қаражат шығын ретінде есептен шығарылды» [13, 237-238].

Осы іспетті қолдан жасалған жасанды айыптармен Ә. Берістемов те сталиндік террордың құрбаны болып, Оңтүстік өңіріндегі алашордашыл арыстар «үлкен террор» тұсында алдымен атылды, ұзақ мерзімге сотты болып, еңбекпен түзеу лагерьлерінде ауру мен азаптан көз жұмды.

Қорытынды.

Жалпы Алашорда үкіметінің құрылуына, Алаш идеясына Қазақстанның барлық өңірлерінен үндес, ниеттес жандар көп болды. Алаш партиясының тыныс-тіршілігін қолдап, алыстан болса да өзінің ойын түрлі іс-әрекеттері арқылы білдіріп жатты. Кейбіреулері қолына қалам алып баспасөз беттерінде маңызды мақалалар жазса, кейбіреулері Алашорданы бастаған тірек тұлғалардың іс-қимылына көмек қолын созып отырды, кейбіреулері жұртты Алаш партиясының жолына ұйыстыруға үгіт-насихаттарымен болса да өзіндік жәрдемін аямады. Сол іспеттес Оңтүстік өңірінде көптеген азаматтардың Алашордаға қатысы бар екенін сеземіз. Бірақ, олардың көбінің кім екенін атын атап, түсін түстеп біле бермейміз. Осы ғылыми мақаламызда Батыс Қазақстан жерінде туғанымен, Оңтүстік Қазақстанда қызмет етіп, Алашорда үкіметін қуаттап, өзінің бір кісілік еңбегін аямаған Керей Терлікбаев пен Оңтүстік өңірінің тумасы, Алаш идеясына қолдау білдірген Әлмахан Берістемовтің қым-қиғаш ғұмыры жайында жазылып отыр.

Елдің ертеңін, ұлт болашағын тереңнен ойлаған жандардың Алаш партиясының құрылып, Алашорда үкіметінің орнауын арман еткені, әрбір іс-әрекеттерінен көрініс беріп отырады. Бұл екі тұлғаның да кейінгі өмірінде Алашорда үкіметін жақтағаны қуғын-сүргінге түсіреді. Оны архив құжаттары арқылы нақты айғақтап көрсетуге болады. Бүгінгі егеменді елімізде іздеусіз, сұраусыз қалған қуғын-сүргін құрбандары мен Алашорда үкіметіне тілектестік білдірген тұлғаларымызды архив беттерінен парақтап табуға тиіспіз. Тіпті, олардың әлі күнге ақтамалғандары да бар. Солардың тарих қойнауынан аршып алып, ақ-қарасын анықтап, ұрпақ алдында ақтау – барлық жанның міндеті деп есептеуге тиіс.

Тарихшылар болмаса, былайғы жұрт біле бермейтін К.Терлікбаев пен Ә.Берістемовтің архивтегі құжаттары арқылы өмірін зерттей отырып, басқа да өңірлердегі Алаштықтардың қолдаушысы болған, халыққа қызмет еткен тұлғалар толығымен зерттелсе, оларды ұрпақ таныса екен деген ой бізді тынымсыз іздеуге жетелейді. Тарихты ұрпаққа ұғындыру – бүгінгі біздің басты міндетіміз. Сондықтан да, ел тарихының толықтанып, көмескі, күңгірт тұстарының ақиқаты ашылып, ата-бабаларын ұрпақтары танып-біліп жүрсе, онда біздің еңбегіміздің еш кетпейтіні даусыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тұрсүн Х. Қабыл А. Серікұл Алдабергеновтің Алаштық идеядан басталып, ауа көшумен аяқталған қызметінің архивтік деректері // Ясауи университетінің хабаршысы, №4. 2022 жыл, 393-394 б.
2. Шымкент қаласы Полиция департаментінің мемлекеттік арнайы архиві (ШҚПДМАА). 6-қор. I-тізімдеме. 6127-іс. Т. 1. П.18-19.
3. Алаш ұлт-азаттық қозғалысын толық ақтау бойынша материалдар. Т. VII. Алаш Орданың Оңтүстік бөлімі. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Х. Тұрсын, Р. Хазретәліқызы, Р.А. Арслонзода / Жалпы редакциясын басқарған Е.А. Әбіл. – Алматы: «Нұр», 2024. – 123 б.
4. ШҚПДМАА. 6-қор. I-тізімдеме. 6127-іс. Т. 1. П. 1.
5. ШҚПДМАА. 6-қор. I-тізімдеме. 6127-іс. Т. 1. П.4.
6. ШҚПДМАА. 6-қор. I-тізімдеме. 6127-іс. Т. 1. П. 2.
7. ШҚПДМАА. 6-қор. I-тізімдеме. 6127-іс. Т. 1. П.11.
8. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 11: Борцы за национальную свободу, независимость и территориальную целостность Казахстана. Сборник

документов и материалов. Составители тома: С.А. Касымов, А.Ж. Илияс, К.М. Еримбетова, Ж.У. Кыдыралина, Д.А. Махат, М.М. Козыбаева, К.К. Сарсембина, Б.Р. Шериязданов / Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. С.262.

9. ШҚПДМАА. 6-қор. I-тізімдеме. 6127-іс. Т. 1. П.15.

10. Түркістан облысы қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві (ТОҚСТМА).40-қор. 79а-тізімдеме. 4-іс. П.5.

11. ШҚПДМАА. 6-қор. I-тізімдеме. 879-іс. П. 207.

12. ШҚПДМАА. 6-қор. I-тізімдеме. 879-іс. П. 214.

13. ШҚПДМАА. 6-қор. I-тізімдеме. 879-іс. П. 237-238.

REFERENCE

1. Tursun X. Qabil A. Seriqul Aldabergenovtiñ Alaştıq ideyadan bastalıp, awa köşwmen ayaqталған qızmetiniñ arxivtik derekteri // Yasawı wñiversitetiniñ xabarşısı, №4. 2022 jıl, 393-394 b. 2

2. Şımkent qalası Policiya departamentiniñ memlekettik arnayı arxivi (ŞQPDMAA). 6-qor. I-tizimdeme. 6127-is. T. 1. P.18-19.

3. Alaş ult-azattıq qozğalısn tolıq aqtaw boyınşa materialdar. T. VII. Alaş Ordanıñ Oñtüstik bölimi. Qujattar men materialdar jınağı. Qurastırwşılar: X. Tursın, R. Xazretalıqızı, R.A. Arslonzoda / Jalpı redakciyasın basqarğan E.A. Äbil. – Almatı: «Nur», 2024. – 123 b.

4. ŞQPDMAA. 6-qor. I-tizimdeme. 6127-is. T. 1. P. 1.

5. ŞQPDMAA. 6-qor. I-tizimdeme. 6127-is. T. 1. P.4.

6. ŞQPDMAA. 6-qor. I-tizimdeme. 6127-is. T. 1. P. 2.

7. ŞQPDMAA. 6-qor. I-tizimdeme. 6127-is. T. 1. P.11.

8. Sayası qwğın-sürgin qurbandarın tolıq aqtaw jönindegi Memlekettik komissiyaniñ materialdarı (XX ğasırdıñ 20-50 jıldarı) = Material Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitacii jertv političeskix repressij (20-50 godı XX veka). T. 11: Borcı za nacionalnwyu svobodw, nezavisimost i territorialnwyu celostnost Kazaxstana. Sbornik dokumentov i materialov. Sostaviteli toma: S.A. Kasimov, A.J. İliyas, K.M. Erimbetova, J.W. Kıdıralına, D.A. Maxat, M.M. Kozıbaeva, K.K. Sarsembına, B.R. Şeriyazdanov / Pod obşç. red. E.T. Karına. – Astana, 2022. S.262.

9. ŞQPDMAA. 6-qor. I-tizimdeme. 6127-is. T. 1. P.15.

10. Türkistan oblısı qoğamdıq-sayası tarixınıñ memlekettik arxivi (TOQSTMA).40-qor. 79a-tizimdeme. 4-is. P.5.

11. ŞQPDMAA. 6-qor. I-tizimdeme. 879-is. P. 207.

12. ŞQPDMAA. 6-qor. I-tizimdeme. 879-is. P. 214.

13. ŞQPDMAA. 6-qor. I-tizimdeme. 879-is. P. 237-238.